

Анықтама алу алгоритмі
кәмелетке толмаған адамның мүлкіне билік ету бойынша.

1-кезең - 10 жасқа толған баланың пікірін есепке алу туралы шешім алу (Қағидалардың 12-қосымшасы).

Бұл үшін баламен бірге 10 жасқа толған баланың пікірін есепке алу туралы шешім алу үшін білім бөліміне (Байтұрсынов көшесі, 67, 115-кабинет) жүгінесіз. Қорғаншы және қамқоршы органның маманы ата-анасының (ата-анасының біреуінің) қатысуымен баламен мүлікке билік ету мәселесі бойынша әңгімелесу жүргізеді. Мемлекеттік қызметті қарау - 10 жұмыс күні.

Қағаз түріндегі құжаттар тізбесі:

- ата-анасының біреуінің өтініші;
- жұбайының (зайыбының) нотариалдық келісімі не баланың (балалардың) жеке тұратын заңды өкілінің келісімі;
- егер некеде тұрса немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрса, неке қию туралы куәліктің көшірмесі, ата-анасының біреуінің балаға қамқорлығының болмауы фактісін растайтын құжаттардың көшірмелері: қайтыс болғаны туралы куәлік немесе хабарлама, ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру, оларды ата-ана құқықтарынан шектеу, ата-аналарын хабар-ошарсыз кеткен, әрекетке қабілетсіз деп тану туралы сот шешімі (әрекет қабілеттілігі шектеулі), оларды қайтыс болды деп жариялау, туу туралы анықтама және т.б. («АХАЖ тіркеу пункті» ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - АХАЖ АЖ) мәліметтер болмаған кезде «Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді, азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер енгізуді, қалпына келтіруді, жоюды ұйымдастыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 112 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10764 тіркелген);
- баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі.

2-кезең - кәмелетке толмағанның мүлкіне билік етуге анықтама алу.

(Электрондық үкімет порталы - egov.kz - отбасы - қамқоршылық. Қамқоршылық, қолдау - «Кәмелетке толмағандардың мүлкіне иелік ету үшін анықтамалар беру»).

Мемлекеттік қызметті қарау - 3 жұмыс күні. Жауапты өтініш берушінің ЭЦҚ жеке кабинетінен аласыз, басып шығарасыз және нотариусқа ұсынасыз.

Бұл үшін сканерленген құжаттарды қоса бере отырып, «электрондық үкімет» порталына жүгінесіз:

- жұбайының (зайыбының) нотариалдық келісімінің электрондық көшірмесі не баланың (балалардың) жеке тұратын заңды өкілінің келісімі (ата-анасының біреуінің балаға қамқорлығының болмауы фактісін растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі: қайтыс болғаны туралы куәлік немесе хабарлама, ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру, оларды ата-ана құқықтарынан шектеу, ата-аналарын хабар-ошарсыз кеткен, әрекетке қабілетсіз деп тану туралы сот шешімі (әрекет қабілеттілігі шектеулі), оларды қайтыс болды деп жариялау, туу туралы анықтама және т.б. Азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді ұйымдастыру, азаматтық хал актілері жазбаларына өзгерістер енгізу, қалпына келтіру, жоюды

ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 112 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша (АХАЖ АЖ-да мәліметтер болмаған кезде) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10764 болып тіркелген);

- балада мүліктің бар екенін растайтын құжат (баланың банктік салымы, мұраға құқық туралы куәлік, техпаспорт және т.б., жылжымайтын мүлік туралы мәліметтер ақпараттық жүйемен интеграцияланады);

- осы бұйрықпен бекітілген Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына 12-қосымшаға сәйкес баланың (он жасқа толған кезде) пікірінің электрондық көшірмесі.